

Мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

2024 жылғы 9 ақпан

Төрағалық етті: Б.Ш. Ағыбаева

Қатысқандар:

Қоғамдық кеңес мүшелері: Әбіл Е.А., Әбіл Е.Қ., Баяжұма А., Беркамалов С.Н., Закиев Ә.Б., Құрманова Б.Б., Қожатаева А.А., Муксимов С.С., Мустафин Е.С., Садық М.К., Ойшыбаева Ж.Б., Айтақын Қ.С.

Күн тәртібі

1. Қоғамдық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;
2. 2023 жылғы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын қоғамдық мониторингтеудің нәтижелері туралы

(Ағыбаева Б.Ш., Ахымбетов Т.С.)

1. Қоғамдық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.

2. Баяндамашының ақпараты назарға алынсын.

3. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жолдаған 2023 жылғы қоғамдық мониторингтеу нәтижелерін ескере отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.


4. Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жүргізілген 2023 жылғы қоғамдық мониторингтеу нәтижелері бойынша мемлекеттік органдарға берілген ұсыныстардың орындалу мәселесін пысықтау ұсынылсын.

5. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, іске асыру ұсынылсын:

- мемлекеттік қызмет көрсетудің электрондық түрде қол жетімділігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауды;

- қоғамдық мониторингтеудің 2023 жылғы нәтижелерінің қорытындысын ескере отырып, «электрондық үкімет» порталындағы мемлекеттік қызметтер атауларының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі сәйкестігін ретке келтіруді.

Қоғамдық кеңес
төрағасы



Б. Ағыбаева

Қоғамдық кеңес
хатшысы



М. Иманбаев